

113 = 6038  
06.01.2015

**Астана қаласы коммуналдық  
меншігінің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына, Жылжымайтын мүлік объектісін бағалау туралы 2014 жылғы 21 қарашадағы № 581 есепке сәйкес, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**


1. «Астана қаласының Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ж. Нәжімеденов көшесі, № 10/1 үй, т.о. 10б мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 407,5 ш.м, әділ құны 175 819 995 (бір жүз жетпіс бес миллион сегіз жүз он тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан бес) теңге болатын «Гранд Астана» тұрғын үй кешенінің тұрғын емес орын-жайын жарғылық капиталды ұлғайту үшін «Стоматология» оқу-клиникалық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Серіктестік) теңгеріміне берсін.

2. «Астана қаласының Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Серіктестікпен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулының 1-тармағында көрсетілген тұрғын емес орын-жайды қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Серіктестік осы қаулыдан туындаған қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.И. Лукинге жүктелсін.

**Әкім**



**Ә. Жақсыбеков**